

Сіздің қайтадан туылуыңыз қажет

Киелі Рухтың жұмысы туралы өз
бетімен оқуға арналған



Multi-Language Publications

Bringing the Word to the World

Мәтіннің түпнұсқасын Висконсин Инжілдік Лютеран Синодының Ерекше қызметтері жөніндегі комиссия жанындағы түзеу мекемелеріндегі қызмет комитеті құрастырған

© 2000 жылғы басылым

Қазақ тіліндегі аударма, 2012 ж.

Мәтінді Висконсиндегі Инжілдік Лютеран Синодының «Көптілді басылымдары» өңдеген

Барлық көркемдеу жұмыстарын Глен Майерс жасады. Глен Майерстің көркемдеу құқықтары “Northwestern” Баспа Үйімен қорғалған.



Мазмұны

Кіріспе	1
1-тарау: Туылу: Дүниеге келу	3
2-тарау: Қайтадан туылу.....	19
3-тарау: Тірі жүру.....	33
4-тарау: Сенімдегі жаңа өмір	47
Сөздік.....	61
Тараудың соңындағы тест жауаптары.....	67
Қорытынды тест	69



Кіріспе


Бұл кітап Құдай Киелі Рух туралы және Оның бізді қалай мәсіхшілер ететіні және бізді мәсіхшілік сенімде қалай ұстап тұратыны жайында.

Төрт тараудың әрқайсысы кішкене жұлдызшамен (*) белгіленген мақсаттар тізімінен басталады. Мақсаттардың көмегімен сіз сол тарауда не туралы үйренетініңізді біле аласыз. Одан біраз сөйлем оқығаннан кейін, бірнеше сұрақтарға жауап бересіз. Ал тараудың соңында тест берілген. Тест сұрақтарына тек тарауларда оқығандарыңыз бен оған дейін жауап берген сұрақтар ғана кіреді.

Берілген сұрақтардың әр тобының соңында дұрыс жауаптар жазылған беттің нөмірі көрсетілген. Жауаптар көрсетілген беттің төменгі жағында орналасқан. Өз жауаптарыңызды мұқият салыстырып, қандай да бір қателіктер болса, түзетіңіз. Сабақты ары қарай жалғастырмас бұрын, сұрақтардың жауаптарын жақсылап түсініп алыңыз.

Кітаптың соңында қорытынды тест берілген. Бірақ оны бастамас бұрын, әр тараудың соңындағы қысқаша тестілерді бір қайталап шығыңыз. Тестіге жауап беріп болғаннан кейін, оны осы кітапты берген адамға, не болмаса кітаптың артында көрсетілген мекен-жайға жібере аласыз.

Лайым, Құдай сізге қайтадан туылу туралы көбірек үйренуіңізге көмегін бере көрсін.



Иса Нікодемге оның қайтадан туылуы керек екенін айтуда.



1-тарау

ТУЫЛУ: ДҮНИЕГЕ КЕЛУ

Бір күні түнде, Иса Иерусалим қаласында болған кезде, бір кісі Оған жолығуға келді. Ол кісінің есімі Никөдем болатын. Ол Яһуди дінінің басшыларының бірі еді. Ол Исамен сөйлесіп, Оның үйреткендері жайында көбірек білгісі келді. Бірақ Иса оны қатты таңғалдырды. Ол оған былай деді: «Саған өте маңызды шындықты айтып тұрмын: кімде-кім қайтадан туылмаса, Құдайдың Патшалығына кіре алмайды» (Жохан 3:3).

Қолыңыздағы бұл кітап Исаның мұнымен не айтқысы келгеніне түсіндірме береді. Киелі кітап бізге қайтадан туылу туралы көп үйретеді. Иса айтқандай, қайтадан туылу қажет. Сіз қайтадан туылмайыңызша, жұмаққа бара алмайсыз.

Енді адам бұл не үшін керек деп ойлауы мүмкін. Қайтадан туылу? Алғашқы дүниеге келудің несі дұрыс емес екен? Осы тарауда біз осы сұраққа жауап береміз. Тараудың соңында сіз төмендегі нәрселерді білетін боласыз:

* туылғанымыздан-ақ қалай «өлі» болатынымызды;

* туылғанымыздан-ақ қалай «соқыр» болатынымызды;

* туылғанымыздан-ақ қалай Құдайдың «жауы» болатынымызды; және

* не себепті біз өз-өзімізді құтқара алмайтынымызды.

Кішкентай сәби дүниеге келген кезде, ол толық мінсіз болып көрінеді. Ол ұйықтап жатқан күйінде, кішкентай періште іспетті. (Ал әкешесін таңғы сағат 2-де тамақ сұрап ойтса, ол –

мүлдем бөлек әңгіме!) Жаңа туған сәбидің қандай да бір кемістігі бар дегенге сену қиын.

Бірақ Киелі кітап бізге бір мүлдем дұрыс емес нәрсенің бар екенін айтады. Иса Никөдемге өте қисынды нәрсені айтты: «Тәннен – тән ...туады» (Жохан 3:6). Басқаша айтқанда, адам баласынан адам баласы туылады. Олардан иттер, не болмаса мысықтар, не болмаса кішкене періштелер тумайды. Кішкентай сәбилер адамзаттың күнәкарлығымен дүниеге келеді.

Көрдіңіз бе, бізге күнәкарлық ата-анамыздан беріледі. Күнәкарлық бізге, дәл, теріміздің түсі, шашымыздың түсі және көзіміздің түсі берілетініндей беріледі. Киелі кітапты жазған адамдардың бірі Дәуіт патша былай деді: «Мен күнәкар болып дүниеге келдім, құрсақта жатқанда-ақ күнәкар едім» (Забур жыры 50:7).

Біз бұл өте жаман тұқым қуалаушылықты алғашқы күнә деп атаймыз. Бұл – бізге шыққан тегімізден берілетін немесе туғанымыздан бастап болатын күнәкарлық. Бұның бізде болуы – әкешеміз және ата-әжеміз және арғы аталарымыз күнәкар болғандықтан, тіпті алғашқы адамдар, әрі алғашқы күнәкарлар болған Адам ата мен Хауа анаға дейін.

1. Жаңа туған сәбилер мінсіз, әрі бейкүнә болып көрінеді, ал шын мәнісінде олар _____ туылады.
2. Иса күнәкар адам баласынан _____ адам баласы туатынын айтты.
3. Дәуіт патша анамыздың _____ пайда болған сәттен-ақ күнәкар болатынымызды айтты.
4. Біз бұл күнәкарлықты тіпті сонау _____ мен _____ бастап аламыз.
5. Атадан балаға берілетін бұл күнәкарлықты біз _____ деп атаймыз.
(Екі сөз)

(Жауаптарыңызды 8-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

Киелі кітап осы алғашқы күнәны түрлі жолдармен бейнелейді. Ол көптеген сөз жүзіндегі суреттеулерді қолданады. Олардың бірін Ефестіктерге арналған хаттың 2-ші тарауы, 1-ші аятынан табуға болады: «Бұрын сендер Құдайдың бұйрығын бұзып, күнә жасай бергендіктен, рухани өлі едіңдер». Құдайдың

көзқарасы бойынша, күнәкар болу – өлі болумен тең.

Бұл біздің денеміз өлі дегенді білдірмейді. Сәби туған кезде, әлбетте, оның денесі тірі болады! Бірақ өлі болатын – біздің рухымыз, біздің жанымыз. Біздің өлгеннен кейін де өмір сүретін, өз-өзімізді сезінетін бөлігіміз – біздің рухымыз. Біз анамыздың құрсағында пайда болған сәттен-ақ ол күнәда өлі болады.

Рухани өлі болу кімнің де болсын өзін құтқаруға деген үмітін талқандайды. Біз құтқарылуды мәсіхші болуға шешім қабылдай салғандай оңай деп ойлағымыз келеді. Егер біз бір күні сенуші болуға шешім қабылдасақ, онда жай ғана сенуші бола салу арқылы өз-өзімізді құтқара салмаймыз ба!

Алайда Киелі кітап біздің олай ойлауымызға жол бермейді. Егерде біз рухани жағынан өлі болсақ, онда біздің мәсіхші болу мәселесінде таңдау мүмкіндігіміз өлі дененің өз қабірінен шығу, не шықпауды таңдай алу мүмкіндігіне пара-пар. Өлі адамдар орындарынан тұрып, бір нәрсе істеуге әрекеттенбейді; олар бұлай істей алмайды! Олар өлі!

Иә, кейбір адамдар, басқаларға қарағанда, Он өсиетті орындауға тырысады. Кейбір адамдар, басқаларға қарағанда, жақсырақ өмір сүреді. Бірақ бұл мәсіхші болумен бірдей емес. Терең түбінде, Құдай барлық адамдардың күнәкар екенін көреді. Күнәда өлі болғандықтан, олар өздігінен мәсіхші болу арқылы «тірілуге» шешім қабылдай алмайды.

6. Киелі кітап біздің Құдайдың бұйрығын бұзып, күнә жасай бергендіктен, рухани _____ екенімізді айтады.
7. Біз рухани өлі болғандықтан, өздігімізден _____ болуға шешім қабылдай алмаймыз.
8. Құдай бәрінің, мейлі, олар басқаларға қарағанда жақсырақ өмір сүре ме, жоқ па, _____ екенін көріп тұр.

(Жауаптарыңызды 11-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

Киелі кітап біздің туғаннан бастап күнәкар болатынымызды тағы бір жолмен бейнелейді. Ол




6-беттегі сұрақтардың жауаптары: 1. күнәкарлықпен; 2. күнәкар; 3. құрсағында; 4. Адам ата, Хауа анадан; 5. алғашқы күнә.

біздің рухани соқыр екенімізді айтады. Киелі кітап авторларының бірі қасиетті Пауыл оны былай деп айтады: «Бұлар оған сенбейді, себебі осы күнәкар дүниенің «тәңірі» (әзәзіл шайтан) Мәсіхтің салтанатты ұлылығы туралы Ізгі хабардың нұрын оларға көрсетпеу үшін саналарын соқыр қылып қойған» (Қорынттықтарға арналған 2-хат 4:4).

Басқа бір жерде Құдай адамдар туралы былай деп шағым айтады: «Олардың көруге арналған көздері болса да, көрмейді, естуге арналған құлақтары болса да естімейді. Өйткені олар бас көтергіш халық» (Езекиел 12:2). Біз денеміздегі көзбен материалдық заттарды көре аламыз. Алайда біз жанымызға ең басты қажеттілікті, дәлірек айтқанда, Иса Мәсіхті көре алмаймыз,.

Көрініс мынадай: Құдай біздің алдымызға ұлы сыйды, яғни Өз Ұлы Иса Мәсіхті қойды. Ол біздің алдымызға біздің жалғыз Үмітіміз, күнәдан жалғыз Құтқарушымыз ретінде қойылды. Бірақ біз күнәда туғандықтан, Оны көруге көзіміз байлаулы. Біз Оны көре алмаймыз, сол себепті біз өздігімізден Оған жетер жолды таба алмаймыз. Осы себепті де Пауыл сенбейтін адамдардың көзін шайтан соқыр қылып қойғанын айтты. Шайтан біздің өз



Мәриям сәби Исаны жөргекке орап, оны ақырға жатқызды.

күнәкарлығымызды өзімізге қарсы қолданады. Ол оны біздің көздерімізді Иса Мәсіхке соқыр ету үшін қолданады.

9. Киелі кітап біздің туғанымыздан рухани _____ да болатынымызды айтады.

10. Бұл соқырлық біздің _____ кесірінен болады.

11. _____ бұл соқырлықты бізді Мәсіхке келтіртпеу үшін қолданады.

(Жауаптарыңызды 12-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

Киелі кітапта біздің күнәкар екенімізді суреттейтін тағы бір сөз бар. Оны тағы да Пауылдың хатындағы мына сөздерден табуға болады: «Ескі күнәкар болмысымыздың ниеті Құдайға қас, ол Құдайдың заңына бағынбайды, бағына алмайды да» (Римдіктерге арналған хат 8:7). Басқаша айтқанда, біз туғаннан бастап күнәкарлығымызға байланысты Құдайдың жауымыз.

?

8-беттегі сұрақтардың жауаптары: 6. өлі; 7. мәсіхші;
8. күнәкар.

«Тоқтай тұрыңыз!» – деп біреу айтуы мүмкін, – «Мен адамдардың көбі Құдайдың жағында болғысы келеді деп ойлаушы едім. Бүкіл тарих бойында адамдар Құдайды іздеумен болды. Сірә, олар көбінде дұрыс емес жерлерден іздегендіктен, мұның аяғы жалған тәңірлерге табынуға әкелген болар. Бірақ бұл олар Құдайдың жауы болғысы келді дегенге келмейді ғой!».

Бірақ сол жалған тәңірлер жайында бір сәтке ойланыңызшы. Адамдар не үшін оларға барды? Шынайы Құдаймен еш байланысқылары келмегендіктен. Өйткені Ол адамдарға орындағылары келмейтін өсиеттерді беретіндіктен. Сондықтан да олар қалағандарын істеуге рұқсат ететін жалған тәңірді оңай таба алушы еді.

Мысалы, көптеген жалған құдайлар, әсіресе көне заманда, сізге қалаған адамыңызбен жыныстық қатынасқа түсуге рұқсат ететін. Ал шынайы Құдай сізге жыныстық қатынаста тек некелескен адаммен ғана бола алатыныңызды айтады. Егер сізге Құдайдың айтқаны ұнамаса, онда басқа



құдай табуға кетесіз. Бұл сіздің шынайы Құдайға қарсы екеніңізді көрсететін.

Мынаны есіңізде сақтаңыз. Біздің жасаған әрбір күнәмыз – Құдайға қарсы бас көтеру әрекеті болып табылады. Ол бізге бір нәрсені істемеу керектігін айтады, алайда біз оны бәрібір істейміз. Бұл Онымен дос болуға мүлдем ұқсамайды, солай емес пе? Адамның жасаған әрбір күнәсы Құдайға қарсы жауласу әрекеті болып табылады.

Күнәкар адамзат Құдайға жау болғандықтан, олар Құдай Ұлына да еш қуана қоймайды. Иса бір жолы адамдардың Оны табиғаттарынан жек көретіндерін көрсету үшін бір оқиғаны мысалға келтірді. Ол оқиғада Құдай жүзім бағының қожайыны ретінде суреттелді. Құдай өз жүзімдігін бірнеше адамға жалға беріп, артынан жалға бергені үшін алатын ақысын алып келуге Өз ұлын жібереді. Әлгі адамдар ұлын өлтіреді, себебі олар қожайынды жек көрді.

Иса жер бетіне келген кезде көптеген адамдар Оны жек көрді. Яһуди халқының басшылары Оны ерекше жек көрді және, ақыр соңында, Оны өлтірді. Не үшін олар Оны жек көрді? Олардың Оны жек көру себебі – олар күнәкар болды және Исаға сенгілері келмеді.

12. Киелі кітап біздің туғанымыздан-ақ
Құдайдың _____
болатынымызды айтады.
13. Біз әр кез _____ жасаған сайын
Құдайдың жауы екенімізді дәлелдейміз.
14. Тіпті _____ құдайларға табынған
адамдар мұны шынайы Құдайды
ұнатпағандықтан істеді.

(Жауаптарыңызды 16-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

Сонымен, біз қандаймыз? Киелі кітап біздің туғанымыздан бастап толықтай күнәкар екенімізді айтады. Ол күнәкарлықты күнәда өлі болумен, күнәда соқыр болумен және Құдайдың жауы болумен суреттейді.

Егер бұл шын болса, онда біздің өздігімізден мәсіхші болуымызға еш жол жоқ. Ешбір жан бізді мәсіхші болуға көндіре алмас. Ондай адам өлі денеге: «Тұр да, жүр», – деп айқайлағанмен бірдей. Немесе ол соқыр адамға картаны көрсетуге тырысқандай. Бұл бір адамды оның қас жауымен достасуға көндіріп бағумен тең.

Мәсіхшіге айналу қиын. Шындығында, бізге өздігімізден мәсіхшіге айналу мүмкін емес. Бірақ бұл Құдайға мүмкін. Келесі тараудың тақырыбы осы болмақ.

Бірінші тарауды қайталау

Нікөдем есімді адам Исадан Оның тәлімі жайында сұрады, сонда Иса адамдардың жұмаққа кірулері үшін «қайтадан туылуға» тиіс екендерін айтты. Ол сіздің туғаннан бастап қалай ата-анаңыз іспетті күнәкар болатыныңызды айтты. Күнә сізге олардан беріледі. Сол күнә алғашқы күнә деп аталады. Ол сонау, алғашқы адамдар және алғашқы күнәкарлар болған, Адам ата мен Хауа анадан келе жатыр.

Алғашқы күнәның нәтижесінде біз рухани өлі болып туамыз. Өлі дененің өздігінен еш нәрсе істей алмайтынындай, біз де өз-өзімізді күнәдан құтқаруға және мәсіхшіге айналуға шешім қабылдауға дәрменсізбіз.

Сондай-ақ, біз туғанымыздан рухани соқырмыз. Құдай біздің алдымызға Құтқарушымыз ретінде Өз Ұлын қойды. Алайда біз рухани соқыр болғандықтан, Оны өздігімізден таба алмаймыз.

Киелі кітап сонымен қатар, біздің туғанымыздан бастап Құдайдың жауы болатынымызды айтады. Жасаған әрбір күнәмыз Құдайға қарсы жасаған жауласу әрекетіміз болып табылады. Көне заманда адамдардың шынайы Құдайды жек көргендері соншалық, олар Оны және Оның өсиеттерін алмастыру үшін өздеріне өз құдайларын жасап алды. Шындығында, кейбір адамдардың Оны жек көргендері соншалық, Оның Ұлы дүниеге келгенде, Оны өлтірді.

Біздің рухымыз туғанымыздан бастап өлі, соқыр және Құдайға қарсы күресіп келе жатқандықтан, біздің өз-өзімізді құтқаруымызға еш жол жоқ. Ешбір басқа адам баласы да бізді құтқара алмайды. Құдай ғана – біздің жалғыз үмітіміз.



14-беттердегі сұрақтардың жауаптары: 12. жаулары; 13. күнә; 14. жалған.

Бірінші тарауға арналған тест

1. Біз әке-шешемізден алған _____ туамыз.
2. Атадан балаға берілетін бұл күнәкарлық _____ деп аталады. (Екі сөз)
3. Біз бұл күнәкарлықты сонау алғашқы адамдар болған _____ мен _____ аламыз.
4. Біз рухани өлі болғандықтан, мәсіхші болуға _____ алмаймыз.
5. Біз рухани соқыр болғандықтан, Құдайдың алдымызға қойған ең ғажап жарылқауын, атап айтқанда, _____ көре алмаймыз.
6. Біз рухани жағынан Құдайдың _____ болғандықтан, өмір бойы Оған қарсы күнә жасаймыз.
7. Әрбір _____ – Құдайға қарсы шығу әрекеті болып табылады.

8. Біз ата-бабаларымыздан келе жатқан күнәкарлығымыздың кесірінен, өздігімізден еш _____ бола алмаймыз.

(Жауаптарыңызды 67-беттегі дұрыс жауаптармен тексеріңіз).